



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

Наряду с пониманием социально-психологической адаптации как процесса включения личности (группы) во взаимодействие со средой, адаптация одновременно понимается и как результат, итог этого процесса.

Список использованных источников

1. Почебут Л.Г. Кросс-культурная и этническая психология. Учебное пособие. Стандарт третьего поколения. СПб., Изд-во «Питер», 2012. (336 с.)
2. Раченкова, И.Я. Психологические проблемы адаптации к новой культурной среде /И.Я. Раченкова //Вестник интегративной психологии. – 2006. - № 4. – С. 27 – 33.
3. Дж У. Берри, Аккультурация и психологическая адаптация, обзор проблемы, Развитие личности №3-4 / 2001.
4. Берри, Д.У. Аккультурация и психологическая адаптация /Д.У. Бери //Развитие личности. – 2002. - № 1. – С. 291 – 296.
5. Шпак Л.Л. Социокультурная адаптация: сущность, направление, механизмы реализации: Дис. ...д-ра социол. наук. Кемерово, 1992 . 398 с.
6. Стефаненко Т.Г. Социальная психология в культурно-исторической перспективе. // Социальная психология в современном мире. М.: Аспект Пресс, 2002.
7. Маслоу А. Мотивация и личность. Спб., 1999.

ӘӨЖ 373

АТА-АНАЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР

Төленова Гүлшат Бақбергенқызы

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті әлеуметтану мамандығының
4 курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші – Смағамбет Б.Ж.

Кез келген қоғам - өзгеріске бейім жүйе, бірақ әр тарихи кезеңдегі өзгерістер өзінің қайталанбастығымен ерекшеленіп отырады. Қоғамның түрлі даму сатысында отбасы институты да қоғамның бір бөлігі ретінде микро өзгерістердің орын алуымен сипатталады. Тұлғаның өзін-өзі сезінуі және даму мүмкіндіктері төрт негізгі құрылымның өзараықпалдастығының нәтижесінде сақталып отыратындығы белгілі: макро- орта (қоғамның әлеуметтік-экономикалық ерекшеліктері), мезо- және микро- орта (тығыз және жақын қарым-қатынастағы әлеуметтік ортаның ерекшеліктері), индивидтің субъективті ерекшеліктері. Ал енді отбасы институтындағы ата-ана болу - балаларға деген қарым-қатынас, сезім, ата-аналық рөлдер, құндылықтың негізі болып табылатын іс-әрекеттер тәжірибесін құрайтын тарихи және мәдени қатынастар. Сонымен қатар ол - отбасылық құндылықтың бір тобы ретінде баланы дүниеге әкелу және оны тәрбиелеу мақсатында ата-ананың репродукциялық іс-әрекеті. Ата-аналық құндылықтар - балаға және оған қарым-қатынастың өзі құндылық болып табылуы, балалы болу мотивациясы, бала тууды жоспарлау, олардың саны, қамқорлық көрсету және тәрбиелеу негізінде ата-аналар арасындағы өзара қарым-қатынастың орнауы және баланың бойына қандай мінезді тәрбиелеу керек секілді дүниелерді қамтиды [1]. Осы тұста қазақ қоғамындағы ата-аналық құндылықтың қалай өзгергенін, оның ішінде әке және ана институтының рөліне әлеуметтанулық талдау жасау - аса өзекті мәселе.

Қазақстандағы отбасылық өмірге қатысты статистикалық көрсеткіштерден оң және теріс өзгерістерді көруге болады. Мемлекет қабылдап отырған ана мен баланы қолдау шараларының тиімділігі оң статистиканы көрсетіп отыр. Мәселен, 2010 жылмен салыстырғанда бала туу 8,8% өсті, егер 2010 жылы 366,2 мың бала дүниеге келсе, 2016 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 398,6 мың бала туылды.

Қазақстандық отбасылық қатынастардағы өзгерістерді зерттеуші мамандар заманауи отбасының әлеуметтік қызметінің әлсіз тұстары ретінде мына себептерді атайды: 1) ерлі-зайыптылардың бірінің маскүнемдікке жақын болуы. Бұл Кеңес Үкіметі кезінде де ажырасудың негізгі себептерінің бірі болған еді. Бірақ осы себеп салдарынан отбасының 50% ыдыраған болса, қазіргі кезде 80% құрап отыр;

2) отбасындағы дәстүрлі рөлдердің орын ауысуы немесе сол рөлдерді орындай алмау;

3) тұрмыстық жағдайдың реттелмеуі.

Қазақстан Республикасының Ішкі істер департаментінің мәліметтеріне сәйкес, республикада 13 мыңнан астам қолайсыз отбасы өмір сүріп отыр [2]. Қолайсыздық деңгейі өте жоғары және ұзақ уақыт бойы жалғасып келе жатырғаны отбасының бала тәрбиесіне жұмсайтын ресурсынан ажырап қалары ақиқат. Дәл осындай отбасының балалары- қиын балалар, қиын жасөспірім болып қалыптасып, құқық бұзушылар санын толықтырады.

Тағы бір өзекті мәселе - ата-ананың дағдарысы, яғни, әкесінің немесе анасының ата-аналық міндетті орындаудан бас тартуы. Қазақстанда толық емес отбасылар саны артуда. 2009 жылы 1999 жылмен салыстырғанда толық емес отбасылар үлесі 6,8% артқан. Олардың ішінде 400 мыңнан астам әйел 700 мыңнан астам баланы, ал 60 мыңнан астам ер адам 300 мыңнан астам баланы тәрбиелеп отыр (15,1% бала анасымен ғана, 6,4% бала әкесімен ғана тұрып жатыр). Демек әрбір бесінші бала толық емес отбасында өмір сүруде. Бұл әкелік және аналық борышты ұмытуды көрсетеді [2].

Қоғамдық санада қалыптасқан пікір бойынша, әйел қызмет етумен қатар отбасы мүшелерінің қажеттіліктерін қанағаттандыру, бала тәрбиесі, үйдегі жайлылықты және отбасын сақтау секілді маңызды жауапкершілікті өзіне жүктейді. Көпшіліктің көзқарасы бойынша ер адамның функциясын үйдің материалдық-экономикалық жағдайын жасаумен шектеуге болмайды. Бұл жерде өзекті мәселе әкенің отбасынан ығысып сырт қалуы. Ол тек материалдық қажеттілікті өтеуші рөлінде ғана қалып отыр. Бірақ, «әке болу» деген түсінікке тек отбасының экономикалық жағдайын жасау ғана емес оның отбасының әлеуметтік өміріне араласуын, күнделікті тұрмысқа әкенің де қатысуын қамтиды. Еуропа елдерінде қолданылып жүрген сәтті тәжірибе негізінде әкенің бала күтіміне 90 күнін арнау заңды түрде реттестірілген. Бұл бір жағынан ата-ана болудың жауапкершілігін сезінуге мүмкіндік береді. Бала тәрбиесіне зор үлес қосады. Әке болу функциясын арттыра түсумен қатар серігіне қолдау көрсете алады. Осы мақалада біз «Ата-аналық құндылықтар: түрі, құрылымы және ресурсы» тақырыбында жүргізіліп отырған зерттеудің аясында дайындалды. Зерттеу жұмысы бірнеше әлеуметтанулық әдістердің үйлесімі негізінде (сандық және сапалық әдістерді) жинақталатын өзіндік қолданбалы зерттеу нәтижелеріне сүйенеді. Соның бірі онлайн сұрау салу әдісімен алынған мәліметтер арқылы «ата-ана болудың» әлеуметтік мазмұнының бір қырын, яғни азаматтардың өз балаларының жынысына байланысты тәрбиедегі ұстанымдарын анықтауға тырыстық. Ата-аналардан қай баласына (жынысына қарай) көбірек үміт артатыны сұралды. Болжам бойынша ата-аналардың басым көпшілігі баланың болашағы үшін (жынысына қарай) ұл балаға көбірек үміт артады деген болжам расталды. Ол дәстүрлі қазақ отбасына тән патриархаттық, патрилиниялықпен байланысты, яғни қазақстандық отбасылардың басым бөлігі әлі де өзінің дәстүрлі сипатын сақтап отыр. Ұл балаға қарағанда, қыз балаға көбірек инвестиция салуға байланысты жасалған болжам да расталды. Бұл заманауи отбасының эгалитарлық сипатының басымдығы және сонымен бірге бала саны аз отбасылардың көбеюі, сонымен қатар әйелдердің әлеуметтік-экономикалық статусының өзгеруімен байланысты.


Онлайн-сұрауға екі күнде барлығы 41 респондент (ер адамдар саны - 19, әйелдер саны - 22) қатысты. Олар - 18 жастан бастап 45-тен ересек жастағы респонденттер. Жас ерекшеліктеріне қарай 18-22 жас аралығында – 22 адам, 30-45 жас аралығында – 15 адам, 45-тен жоғары – 5 адам қатысты. Білім деңгейлері бойынша 63% жоғары, аяқталмаған жоғары - 17%, орта білім - 12%, арнаулы орта білім - 7%.

Зерттеу барысында, «Қай балаңыздың болашағынан көбірек үміт күтесіз» деген сұраққа респонденттердің 55% ұл баладан күтетінін, ал 26% қыз баладан және 19% екі

баламнан да үміт күтемін деп жауап берген. Бұл көрсеткіштен, жоғарыда атап өткеніміздей, дәстүрлі қазақ отбасыларында сақталған дәстүрлі, яғни қазақи көзқарастың басымдығын көруге болады. Сонымен қатар, «қыздың жолы - жіңішке», сондықтан қыз баланың болашағына инвестиция салған дұрыс, ал «ұл бала табиғатынан мықты, сондықтан өз күшімен, демеусіз көтеріле алады» деген тұжырыммен 19 адам келіссе, 11 адам қолдамайтынын көрсеткен. Пікірлер арасында екі балаға да теңдей қарау қажет деген ойлар кездеседі.

«Ұлыңыздың азамат болып қалыптасуы үшін қолданып жүрген нақты әдістеріңізбен бөліссеңіз» деген өтінішке ең көп берілген жауап «тәрбие мен білім беру» болды. Сонымен қатар, «спортпен шұғылдануға», «еңбекке баулуға», «адами құндылықтарды бойына сіңіруге», «намысты болуға және Отан сүйгіштікке баулимын» деген жауаптар кездеседі.


Диаграмма 1 «Баланың болашағынан күтілетін үміт» (%)



Зерттеу нәтижесі бойынша «Сіз қай балаңыздың болашағынан көбірек үміт күтесіз?» деген сұраққа респонденттердің жартысынан көбі (55%) ұлына, 26% қызына және 19% екеуіне де бірдей үміт артатынын көрсетті. Алынған мәліметтер нәтижесі бойынша, респонденттердің ұл балаға көбірек сенім артуының себебі, дәстүрлі қазақ отбасында қалыптасқан көзқарастар негізінде түсіндіруге болады.

Осы мәліметтердің шынайылығын тексеру мақсатында ситуациялыққа жақын, яғни таңдау жағдайында респонденттердің басымдық беретін ұстанымын айқындау үшін «Қыздың жолы - жіңішке», сондықтан қыз баланың болашағына инвестиция салған дұрыс, ал «ұл бала табиғатынан мықты, сондықтан өз күшімен, демеусіз көтеріле алады» деген тұжырыммен келісесіз бе?» деген сұрақ қойылды. Сұраққа респонденттердің 53% тұжырыммен келісетіндігін көрсетті, жауап берушілердің үштен бір бөлігі (31%) келіспейтінін көрсеткен, себебі баланың екеуіне де бірдей көңіл бөлу қажет екенін сауалнаманың нәтижесі бойынша көре аламыз.

Диаграмма 2 «Баланың болашағы үшін ата-ананың инвестиция салудағы стратегиясы» (%)



Респонденттердің басым көпшілігінің ортақ пікірде болуы тағы да дәстүрлі отбасында қалыптасқан көзқарас деуге болады. Дегенмен, қазақта қыз балаға барынша жағдай жасау, оған білім беріп, мамандық алуға көмектесуден ата-ананың бас тарпайтынын көруге болады. Ал «ұл бала қасымызда қалатын, ол табиғатынан ер болып жаратылғаннан кейін барлығына өз күшімен жетеді» деген пікірдің әлі де бар екенін көруге болады. Бұл аталған ойлар дәстүрлі тәрбие принциптерінің сақталғандығын көрсетеді.

«Ұлыңыздың азамат болып қалыптасуы үшін қолданып жүрген нақты әдістеріңізбен бөліссеңіз» деген сұраққа сауалнамаға қатысушылардың 35% «жақсы тәрбие мен білім беру» деп есептесе, «намысты болуға» және «жасы үлкеннен өнеге - білім алуға үйрету» деп жауап бергендер 4,7% болды. Жауап берушілердің 35% ойланбастан бірінші кезекте «жақсы тәрбие және білім алу қажет» деп санады». Себебі, бірінші кезекте тәрбие беру институты ер адамның оның білім алуына үлкен үлес қосады деп білеміз. Тәрбие – жеке тұлғаның адамдық бейнесін, ұнамды мінез-құлқын қалыптастырып, өмірге бейімдеу мақсатында жүргізілетін жүйелі процесс. Сонымен қатар, жауап берушілердің 7,1% ұлы азамат болып қалыптасуы үшін салауатты өмір салтын ұстанып, табиғи күшті, мықты болуына барлық жағдайды жасайтынын айтқан. Жауап беруге қиналатын респонденттердің бестен бір бөлігін құрады. Бұл топты біріншіден, ұл бала тәрбиесімен нақты айналыспағандар (ұл баласы жоқтар) мен екіншіден, ұл бала тәрбиесінің ерекшеліктері туралы пікірі әлі қалыптастырмағандар құрады деп болжауға болады.

Қорыта келе, отбасы институтының кез келген сипаттағы мәселелерінің зерттелуі әрқашанда маңызды. Заманауи қоғамда отбасы институты бірнеше өзгерістерді бастан кешірді. Соның ішінде атап айтар болсақ, отбасының құрылымдық өзгерісі, отбасының негізгі функцияларында пайда болған өзгерістер және отбасының әлеуметтік-экономикалық мәселелерінің салдарынан туындаған өзгерістер. Ата-аналық құндылықтар дәстүрлі қазақ қоғамына тән сипатынан толық арылған жоқ. Бұл жағдайдың процестің мен заманауи қазақстандық қоғамның талаптарына

Заманауи қазақ отбасындағы ата-аналық құндылықтардың өзгеруі өзекті мәселе. Осыған байланысты ата-аналық құндылықтар жүйесінің өзгеруі және оның сипатына ықпал етіп отырған факторларды зерттеудің әдіснамасы мен әдістемесі саласындағы ізденістер қажет. Тақырыптың өзектілігін отбасы институтындағы орын алып отырған құндылықтық, құрылымдық және әлеуметтік өзгерістер кешенімен түсіндіреміз. Заманауи нарықтық қатынастар қоғамы адамзат баласының қалыптасып қалған өмір сүру салтына жаңа талаптар қоюда, себебі осы күнге дейін қоғамдық құрылымның тұрақтылығы үшін маңызды болған талаптар ескірді. Нарықтық қатынастар индивидті дербес, бәсекеге қабілетті және білікті

маман болуға тәрбиелеп отыр. Бұл құбылыс өз кезегінде қоғамдық құрылымдағы қарым-қатынастар шеңбері аясының тарылуына ықпалын тигізуде.

Қолданылған әдебиеттер

1. Безрукова О. Н. Ценности родительства: структура, типы, ресурсы // Социологические исследования. 2016. № 3. С. 118-127.
2. Қазақстан Республикасындағы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы, <http://adilet.zan.kz/kaz/doscs/U1600000384>

ӘОЖ 316. 62

ШИЕЛЕНІС ӘЛЕУМЕТТІК ПСИХОЛОГИЯНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕСІ РЕТІНДЕ

Телегенова Гульнара Талгатовна

gulna_ra_88@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ психология магистрі, Астана, Қазақстан

Қабасова Айым Даниярқызы

a.kabasova@mail.ru

Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті, биотехнология мамандығының студенті,
Қарағанды, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Г.Қ. Айқынбаева

Қоғамдық еңбек бөлінісінде, меншік қатынастарында, билік жүйесінде, материалдық игіліктерді иемденуде адамдардың арасында теңсіздік әрдайым орын алады. Барлық адамдарды теңестіретін қоғам орнату мүмкін емес.

Ресей ғалымы А.Т.Здравомысловтың қоғамда белгілі бір топтың азық-түлікке, тұрғын үй, еңбек етуге, әлеуметтік бостандықтары мен құқықтар деген қажеттіліктері қанағаттандырылмайды. Әрине, адам лайықты өмір сүруге ұмтылады. Бұл аталған қажеттіліктер мүддеге айналады, мүддесі ортақ адамдар топталып билікке, байлыққа қол жеткізу үшін басқалармен бәсекеге түседі. Ал, бәсекелесу қақтығысуға ұласады деп түсіндіреді. Көрнекті әлеуметтанушы П.А.Сорокин кез келген әлеуметтік төңкерістің басты себебі, халықтың көпшілік бөлігінің өмір сүруге керек басты қажеттіліктерінің қанағаттандырылмауынан екендігін атап кеткен [1,2].

Шиеленісті жағдай еңбекке, жанұяға, өнерге, спортқа әлеуметтік институттарға байланысты адам ой-пікірлерінің, құндылықтарының қарама-қарсы болуынан келіп шығады. Құндылықтардың бағытына байланысты туатын даулы, шиеленісті жағдайлар экономика, саяси, әлеуметтік-психологиялық және рухани салаларда орын алады. Адамдар арасында алауыздық тудырып, әлемдік масштабтағы қақтығысқа көбінесе идеологияның қарама-қарсылығы себеп болады. Кей жағдайда адамдар арасындағы, тіпті, мемлекеттер арасындағы даулы, шиеленісті жағдайды діни нанымдардың айырмашылығынан деп білетін қате топшылаулар, қанқу сөздер айтылып жүр. Ешбір дін қантөгісті, соғысты уағыздамайды. Көбінесе ой-өрісі тар саясаткерлер, белгілі бір топтар өздерінің жеке мақсаттары, пайдалары үшін елдің мұң-мұқтажын желеу етеді. Арандату әрекетін іске асырады Міне, осы жағдайды естен шығармау керек.

Қоғам өмірінде кездесетін шиеленісті, даулы жағдайлар тек объективті себептерге ғана байланысты емес. Кей жағдайда адамдар арасындағы дау-жанжалдар сол адамдарға байланысты субъективтік себептерден де болады. Яғни адамдардың мінез-құлық ерекшеліктері, көңіл-күйлері, талғамдары, т.с.с. байланысты. Батыс әлеуметтанушылары шиеленістердің көпшілігі адамдар санасына байланысты туындайды деген пікірде. Жеке адамдардың, топтардың арасындағы қақтығысулар ақпараттың жетіспеуі мен сапасыздығынан, қарым-қатынас жасаудағы қиындықтардан да болады.